

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ТІЛДІК-МӘДЕНИ КӨРІНІСІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

* Рахимова Д.Б.¹, Садықов Т.С.²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана,
Қазақстан

²Қырғыз мемлекеттік университеті, Бішкек, Қырғызстан

Аңдатпа. Мақала қазақ және қырғыз тілдеріндегі туыстық қатынасты тілдік-мәдени тұрғыдан талдап, салыстыруға арналған. Туыстық терминология – ең көне лексикалық қордың бөлігі, тарихының күрделілігі жағынан да тілдің лексикалық құрамында айрықша орын алады. Туыстық атаулар – өз қолданушысының, яғни ұлттық мәдениеті, тарихын, әлеуметтік орнын, адамдармен қарым-қатынасын өз бойына сіңіріп, жылдар бойы ұрпақтан ұрпаққа сөздік қор ретінде жатталып, сіңіріліп отыратын ерекше мәдени қазына. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы туыстық терминдердің осы қызметінде жатыр. Қазақ тілі мен қырғыз тілі антропонимиконында әл күнге дейін жетерлік деңгейде зерттелмеген жеке есімдер, тек, лақап аттары, туыстық атаулар қатары мол. Бұл мәселе де осы бағытта материалдар жинақтау, жүйелеу, түрлі анықтамалар шығару және сөздіктердің шығарылу өзектілігі мен тарихы терең туыстық атаулардың, оның ішінде актив-пассив қордың зерттелу қажеттілігін көрсетеді. Зерттеудің жаңашылдығына тарихи зерттеу және әдеби еңбектерде бір атаумен «Киргизы» деп аталған қазақ және қырғыз лингвомәдени ортасының айырмашылықтарын терминдер арқылы қарастырылуын жатқызамыз. Осыған орай мақаланың мақсаты да – қазақ және қырғыз тілдеріндегі туыстық атауларды талдап, екі тілдегі туыстық терминдердің қолданылу және тілдік-мәдени ерекшеліктерін анықтау. Материал ретінде қос тілдегі сөздіктер мен осы күнге дейінгі зерттеулер қолға алынды. Сондай-ақ зерттеу жұмысында жинақтау, сипаттау, салыстыру және талдау әдістері қолданылды. Жұмыс нәтижесінде қырғыз және қазақ тілдеріндегі туыстық қарым-қатынастың тілдегі көрінісі талданып, ерекшеліктері мен ортақтықтары айқындалды. Жұмыс нәтижелері бұдан кейінгі де түркі тілдерін зерттеу жұмыстарына, әсіресе туыстық терминдерді талдау, сөздіктер шығару, т.б. лингвомәдениеттанымдық, лингвистикалық бағытта мақалаларға дереккөзі бола алады.

Тірек сөздер: қазақ тілі, қырғыз тілі, лингвомәдениеттаным, салыстырмалы тіл білімі, туыстық атаулар, бауыр, өгей, таға

Кіріспе

Қазіргі әлемдегі жаһандық өзгерістер мен үдерістер ғылымның барлық саласында жаңаша көзқарастар мен жаңаша зерттеулерді талап етуде. Бұл үдерістердің арасында тіларалық, мәдениетаралық және тарихи қарым-қатынас та бар. Сондықтан тілдегі күрделі кезеңдерден өтіп, халықтың жадында сақталған, сондай-ақ күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қызмет етіп келе жатқан туыстық терминдерді зерттеудің өзіндік маңызы бар. Бүгінгі қоғам ауысымында бір туыстық атаудың ескі қабаттан жаңа қабатқа өтіп, кенеттен актив қолданысқа түсуі, не кері үдерістерді бақылаудың және олардың себебін анықтаудың бірден бір жолы – олардың қолданыс ерекшелігі мен мәдени-

тарихи айырмашығын талдау. Бұл арқылы қол жеткізген нәтижелеріміз тілдегі туыстық атаулардың негізгі мәнін көпшілікке ұсынып, түп төркінін танытуға көмектеседі. Сондай-ақ дұрыс қолданысын көрсету тілдегі осы сынды атаулардың тұрақтануына, жоғалып кетпеуіне ықпал етеді деген ойдамыз.

Тіл – әлем жайында білгеніміз бен түйгенімізді құрайтын және өз қорында сақтайтын ерекше маңызды қазына. Тіл арқылы тек өз қоғамының емес, мыңдаған жылдарғы дәстүр мен сенім, ырым мен өмір сүру қағидаларына бойлай алатынымыз белгілі. Осы ерекшелік те тілді зерттеудің жылдар бойы түрлі мәселелерін ортаға шығарып отырады. Сепир-Уорф болжамымен айтсақ: сыртқы дүниені танып білу амалдары мен ой жүйесі тіл құрылымының көмегімен анықталады, яғни ойдың логикалық құрылымын тіл анықтайды [1, 3б.].

Әр халықтың өз тарихы, ортақ тілі және мәдениеті, дәстүр-салты болатыны анық. Әлбетте, олар осы әлемі арқылы өзге де жұртпен, ұлттармен қарым-қатынасқа түседі. Мәселен, түркі халықтары – бір-бірімен тарихи, мәдени, әлеуметтік тұрғыдан бір-бірімен біте қайнасқан, түбі бір халықтар. Сондай-ақ діни ұқсастықтар да халықаралық, ұлттаралық қатынастағы түсіністіктің маңызды факторларының бірі. Сол себепті түркі тілдес халықтардың туыстық қатынас атауларын зерделеу, салыстыру, этимологиялық, қолданыс ерекшеліктеріне үнілу – маңызды тұжырымдарды ортаға шығарып, сөздердің табиғатын, тілдің қорын тануға мүмкіндік беретін жол. Бұл тақырыптың өзектілігін айқындай түседі. Осыған орай, бұл мақалада қазақ және қырғыз тілдеріндегі туыстық қатынас атаулары екі бағытта зерттеліп, талданған: этимологиялық және семантикалық. Мақалада көтерілген мәселенің ғылыми жаңашылдығы да ХХ ғасырда бір атаумен (киргизы) аталған екі ұлттық тарихи, мәдени, әлеуметтік ерекшеліктерін тілдік тұрғыдан талдауымызда жатыр.

Түркі халықтары ортақ рухани-мәдени мұрасы, тілі мен тарихы бүгінге дейін зерттеу жұмыстарының басты нысанында. Ортақ концепциялар бүгінде мәдениетаралық қатынас құрудың негізі қызметін атқарып келеді. Осыған байланысты соңғы жылдардағы зерттеулерде де туыстас халықтардың лингвистикалық ерекшеліктері басты назарға алынып, жан-жақты зерттеулер жүргізілуде [1; 2; 3; 4]. Қазіргі түркі тіл білімінде түркі тілдерінің фонологиялық, грамматикалық және лексикалық құрылымдарының табиғаты мен алуандығын түсіну және зерттеуге қатысты біршама іргелі зерттеулер мен жетістіктер бар [5, 103-105 бб.].

Қазақ және қырғыз тілдерінде, жалпы түркі тілдерінде ескіден сақталып, әлі күнге күнделікті өмірде жан-жақты қызмет көрсетіп келе жатқан сөздер қатары мол [6, 78]. Олар – жалпытүркілік сөздер. Түркі тілдерінің ортақ сөздіктері ортақтықтардың негізгі көрсеткіші, қоры дей аламыз. Осындай тіларалық лексикалық және семантикалық ортақтықтар мен ерекшеліктерге қарай зерттеушілер жалпытүркілік сөздерді бірнеше топқа бөліп қарастырады:

- 1) Туыстық қатынас атаулары;
- 2) Адам өмірімен байланысты атаулар;
- 3) Табиғи құбылыстар;

- 4) Хайуанаттар мен өсімдік атаулары;
- 5) Сандық, сапалық мәнді атаулар;
- 6) Лақап аттар, т.б. [5, 1056.].

Бұл жіктелімге дәстүр-салт, ырым-тыйым, мерекеге қатысты атаулар, сонымен қатар жалпы түбірлес сөздерді де қосуға болады.

Сонымен байқағанмыздай, түркілес сөздердің ішінде туыстық қатынас атаулары алдыңғы қатардағы лексикалық топ. Туыстық қатынастың маңызды сипаты да жақындық, өзара тәуелділік, қатынас қатысушыларының тұрақты араласуында жатыр. Туыстық контекстінде субъект немесе объект деген бөлініс жоқ. Туыстың әрқайсысы – ағайындықтың кіммен, неден басталатынына қарамастан, субъект [5, 106 б.]. Яғни туыстық атаулар – тілдерде әлі де ретке келмей тұрған сөздер жиыны, олар белгілі бір жүйені құрайды. Алайда бұл жүйе әр тілде әртүрлі. Мәселен, қазақ халқында туыстық атауларды үшке бөліп қарастыратынымыз: ата жұрт, нағашы жұрт, қайын жұрт. Этнолингвистикалық зерттеулерінде адамдар арасындағы қатынасты туыстық және жақындық деп қарастырған Ә.Қайдар [6, 75] өзге түркі халықтарына қарағанда, қазақтарда бұл қатынастың әлдеқайда терең әрі жан-жақты дамығандығын көрсетеді. Түркі халықтарында әр кісінің туыстық, отбасылық қарым-қатынаста орны, дәрежесі, міндеті және жасы, жынысына қарай дәрежесі орны бар [7, 123-125 бб.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Адамдар арасындағы туыстық қатынастардың әлеуметтік-антропологиялық және этнографиялық негіздерін зерттеу мазмұнды, бай материалдар тізбесін ұсынады. Өйткені туыстық қатынас ұзақ уақыт бойы этнография мен әлеуметтік антропология ғылымдарының негізгі ұғымы болып саналып келді [8, 19]. Бұл бағыттағы К. Леви-Стросс, А.Н. Максимов, Р. Лоуи, Л.Морган, У. Риверс, А.Р. Рэдклифф-Браун, Р.Фирт, М.Фортес, Э.Эванс-Причард сынды ғалымдардың зерттеулері туыстық қарым-қатынастарды белгілі бір этнос үшін, индивид үшін маңыздылығы тұрғысынан қарастырады. Туыстық қатынастар турасындағы лингвистикалық, құрылымдық зерттеулерді де негізгі зерттеу бағыты деп тануға болады. Өйткені әлеуметтік қатынастар негізінде, адамдардың бір-бірімен байланысы арқылы туындаған туыстық қатынастар тілде белгілі бір атаулар алып, сөз жүйесінде таңбаланады. Сондықтан туыстық қатынастарды лингвистикалық тұрғыдан зерттеу де көп нәтиже береді. Белгілі бір этникалық топтарға қатысты туыстық қатынастарды қарастырған О.Ю.Артемова., Н.А. Бутинов, Г.В. Дзибель, Д.Кроненфельд, Ю.И.Левин, М.В. Крюков, Д.А.Ольдерогге, А.В. Попов, А.М. Решетов, Д.Рид, С.А.Токарев секілді ғалымдардың еңбектері де туыстық қарым-қатынас жүйесі үшін іргелі зерттеулер болып саналады.

Туыстық қатынастарды алғаш зерттеу кезеңінен бастап бұл категорияны биологиялық және әлеуметтік байланыс тұрғысынан қарастыру кең етек алды. Өйткені туыстық қатынас биологиялық байланыс негізінде орнайтын болса, қоғамдағы адамдар арасында туыстық байланыс әлеуметтік құрылымды айқындайды. Сондықтан біз туыстық қатынасты тек биологиялық не

элеуметтік категория деп атай алмаймыз. Зерттеудің қай аспектіде жүргізілуіне байланысты туыстық қатынастардың түрлі ғылымдармен шектесетіндігі байқалады.

Зерттеу жұмысында туыстық қарым-қатынасты Қырғыз халқының этникалық дәстүріне, соның ішінде қырғыз көшпенді социумы, отбасылық, туыстық қатынастарға қатысты материалдарын зерделеп, отбасылық мәдениет тақырыбын ерекше зерттеулер ұсынған қырғыз ғалымы А.Кочкунов [8], Ч.Мусаева [10], М.Жусуповна, К.Сейдакматов [9] т.б. зерттеулері, қырғыз тілінің сөздіктері, еңбегі, біршама қырғыз ғалымдарының қазіргі зерттеулері негізге алынды, сонымен қатар қазақ тілінде басшылыққа алынған ғылыми зерттеулер қатарында Ә.Қайдар [6], Сағдиева [5], З.Шадкам [7], түркілік зерттеулерден А.Хазиева [1], Д.Аксан [14], Д.Капланкиран [13], Е.Айдоғмуш [12], А.Машрабов [11] т.б. ғалымдарының жан-жақты зерттеулері алынды.

Зерттеу барысында жинақталған материалдарды талдап, нәтижелерді ұсыну үшін салыстыру, салғастыру әдістері, бақылау, сөздіктермен жұмыс, тақырыптық талдау, анализ, статистикалық талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Белгілі бір тілде туыстық қатынасқа қатысты атаулардың аз-көптігі сол халықтың тарихи-мәдени, элеуметтік, сондай-ақ туыстық қарым-қатынаспен тығыз байланысты [14, 12-13]. Сонымен қатар түркі тілдерінде де мұндай атаулар элеуметтік өзгерістерге, мәдени құндылық, көзқарастарға қатысты тілде қолданыс аясы да тарылып не кеңейіп отырады. Яғни отбасыдағы қатынастың беріктігі сол халықтың танымындағы туыстық ұғымының тарылмай, күшін жоғалтпай, одан әрі дамуына әсер ететін бірден бір фактор. Демек тілдегі кейбір атаулар, сөздер кейде қолданыстан жойылып кетіп те жатады [7, 285]. Түркі тілдерінде, әсіресе, сіңіл, іні, қарындас, нағашы ата, құдаша, құда бала, т.б. туыстық атаулары қазіргі түрік тілінде қолданылмайтыны анықталған.

Жоғарыда туыстық қатынас атауларының екі бағытта қалыптасқанын айттық. Тілдерде қандас туыс немесе қандас емес туыс деген де жіктеме бар. Сәйкесінше алғашқы топқа бір атадан тараған, жақын туыстар жатса, екінші топқа да жақындарды (әйел не күйеу тарапынан, т.б.) жатқыза аламыз. М.Қашқари өзінің сөздігінде бұл тақырыпқа қатысты біршама сөздерді талдап көрсетеді. Соның ішінде қан байланысы жоқ туыс атауларының ішінде *ögey* ~ *үгәй* сөзін талдап көрейік.

Ögey: <ög+eu. Ескі түрікшеде «ög» «ана, ене» сөзі Орта түрікшеде -eu жұрнағымен «ög+eu» «жат, қан байланысы жоқ» мағынасында қалыптасқан. *Ögey ana* (ұйғыр, шағатай); *ögey ata* (Қарахан түрікшесі, Шағатай), *Ögey oğul* (Қарахан), *Ögey oğulan* (қыпшақ), *ögey kız* (Қарахан) қолданыстары Ұйғыр, Қараханлы, Шағатай, Қыпшақ түрікшелерінен көрініс табады [15, 57 б.].

Түркі тілдерінде оғыз тілдерінен қазіргі түрік тілінде *ög-süz* “анасыз, анасы өлген” мағынасында «öksüz» формасында қолданылады. Ал қазақ тілінде *өгей* - сын. 1. Өзі тумаған (әке, шеше). 2. Асырап алған, өзінен тумаған (ұл, қыз). 3. ауыс. Бөтен, жат, жасқа [ҚӘТС]. Туыстас башқұрт тілінде

бұл атау *ögey ata* – үгәй атай (неродной отец), *ögey ogul* – үгәй ул (неродной сын), *ögey kız* – үгәй кыз (неродная дочь) деп қолданылады.

Жалпы қай ұлтта болмасын, өгейдің (әке, шеше, бала) отбасында жат адам ретінде жағымсыз, сүйкімсіз, суықтық кейіпкер ретінде қабылдануы кұпия емес. Бұл өгей туысқа қатысты қатынастың әркелкілігіне қатысты тілде қалыптасқан біршама бірліктер бар. Мәселен, башқұрт тілінде *үгәй бала үпкәсел* `неродной ребенок бывает обидчивым`; *әсәйең үгәй булһа, үз атайың да ят була* `при мачехе и родной отец чужой` мақалдарын келтіре аламыз. Сондай-ақ оғыз тілдерінде, түрік тілінде *üvey tulfasında* «туысқан емес, жат» атауы тілде *üveye etme özünde bulursun, geline etme kızında bulursun* `падчерицу обидишь – тебя обидят, невестку обидишь – дочь твою обидят`; *üvey öz olmaz, kemha bez olmaz* `чужой не станет своим, как камка не станет бязью` мақалдарында көрініс табады [12, 129 б.].

Әзербайжан тіліне келер болсақ, ғалым А.Хазиева бұл тілде *ögey* сөзінің: 1) жат; 2) өкіл; 3) ауысп. суық мағыналарында қолданылатынын көрсетеді [1, 63 б.].

Сонымен өгей туыстық атауының түркі тілдерінің барлығында дерлік екі тарап үшін де жат, ата-анасынан айырылған мағынасында бірге тұмаған туыстық қатынаста қолданылатын сөз екендігіне көзіміз жетті.

Қазақ және қырғыз тілдеріне ортақ әрі бүгінге дейін тең қолданыстағы туыстық атаудың бірі – *бауыр* сөзі. Қазақ тілінде *бауыр зат. 1. Бірге туған қандас, ағайындас, туысқан адамдар [ҚӘТС]. 2. Бір әкеден туған ағайынды адамдар. 3. Әйел адамның кіші інісі.*

ВООР «Байырқы түрк сөздүгінде» бағыр сөзүнүн төмендөкүдөй маанилери көрсөтүлгөн: 1. Печень; 2. Живот, брюхо; 3) перен. Сердце; 4) родственные кровный [ДТС, 78].

Э.В.Севортян сөздігінде бағыр сөзінің мағыналары: 1) бауыр; 2) жүрек; 3) кеуде (грудь); 4) іш; 5) заттың алдыңғы бөлігі; 6) жан, таудың жары; 7) туыс, қандас туыс; [ЭСТЯ, 1978, 18]. Автор бұл болжамдары арқылы бауыр сөзі «живот» мағынасынан өрбіп, қалғандары осыдан дамығандығын көрсетеді.

Қырғыз тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде бұдан басқа «бауыр» сөзінің сары ұйғырлар тілінде пегин «ичеги» деген сөздің баг>бег болып өзгеруінен пайда болған бағыр, пеген сөздері баг+ар, баг+ын деген морфемалардан құралып, «баг этишине -ар жана -ын мүчәсу жалгануудан келип чыккан сөз деп болжолдойт» [ҚТҚЭС, 1988: 58]. Осы сөздікте бауырдың моңғол тіліндегі «мах(ан)» (қаз. мықын), қырғызшадағы быкын // мыкын «сүбенің жанындағы бүлкілдек ет» мағынасындағы багын > быкын болып өзгеруімен сәйкестендіріп, осындағы боор, эт, ичеги, жүрөк (бауыр, ішек, жүрек) сөздердің бір асылдан тарау мүмкіндігі жайында болжамдарды ортаға шығарады. Бұл сөзімізді Г.Рамстедтің түрікше бағыр (қаз. бауыр; қырғ. боор) сөзінің моңғолшадағы багир «жүмсақ» сөзінен келіп шыққан деген пікірімен шындыққа ұластыра аламыз. Сонымен, ішкі мүшенің атауынан шығып, кейіннен ең жақыным, туысым мағынасымен кең қолданыс тапқан «бауыр» сөзінің моңғол тіліндегі «багир» сөзінен шыққандығы жөнінде болжам жасай аламыз [ҚТҚЭС, 59].

Алайда қазіргі түркі тілдерінен түрік, әзербайжан тілдерінде бауыр туыстық атау ретінде қолданылмаса да, «сігер» (қаз. бауыр) сөзінің «сігерім – бауырым» мағынасында жиі қолданылатынын байқаймыз. Түрік, әзербайжан тілінде бұған ұқсас «багарсук», «багырсук» сөздерінің ішкі жұмсақ мүшелердің атауы ретінде тілде көрініс беретінін білеміз. Десек те түркі тілдері зерттеулерінде боорсак «іш май» сөзінің боор (бауыр) сөзімен терең байланыстың болмағандығын алға тартады.

Туыстық атаулардың ішінде түркі тілдерінде әртүрлі қатынастық қолданыста өмір сүріп келе жатқан атау – *таға*. Ал қазақ тілінде Қазақстанның оңтүстік өңірінде ғана күнделікті қолданыста көрініс тапқан «таға» сөзі қырғыз тілінің де кейбір говорларында «*тай әке*» мағынасында қолданылып келеді. К.Сейдахматов *таға* сөзінің «тай әке» сөзіне тұлғалық та, мағыналық та жағынан ұқсастығын көрсетіп, оның *тай аға* деген сөздерден құралғанын ортаға салады. Аға сөзімен бірігіп *та(й)аға* тұлғасынан «*таға*» пайда болғанын болжай аламыз.

Таға сөзінің жалпы туыстық атау ретінде жақындық деңгейін анықтау үшін де қазақ тіліндегі анықтамаларына мән берейік: (Қ.Орда, Жамб., Шымк., Сайр., Өзб., Ташк.) *нағашы*. 1. Адамның бір жұрты *тағасы* ғой (Қ.орда, Жал.); Оның тағасы ертең жүреді (Шымк., Сайр.); 2. Біз Ахмет таға екеуміз тете өстік (Өзб., Ташк.); 3. Таға ана руынан шыққан барлық еркек атаулыға қолданыла береді [ҚӘТС].

Түрік тілінде осыған тұлғасы ұқсас «дайы» (түрік. *dayı*) сөзі қолданыста: 1. зат. Ананың еркек бауыры: *Dayımı el pençe divan karşılar, ne yüyir ne içeseğini soröazdı çünkü bilirdi (Aydın Boysan)*. 2. сын. ауызша. батыл адамға айтылатын сөз. 3. одағ. Жасы үлкен еркектерге қарата айтылатын сөз: *O kadarcık okumaktan kanun anlaşılrsa avukata ekmek mi kalırdı, dayı!* – Sait Faik Abasıyanak [15].

Әкесі тарапынан кіші не үлкен еркек туысқа түрік тілінде – *атса*, өзбекшеде – *атаки*, қырғыз – *аба*, ұйғыр – *таға (taga)*. Ал анасы тарапынан кіші не үлкен еркек бауырға *dayı* (түрік) - *tog'a* (өзбек) – *taga* (қырғыз) – *таға* (қазақ) сәйкестігін байқадық.

Түркі тілдерінде туыстық қарым-қатынас атауларының түпкі байланысын зерттеуде алғаш қолға алатын негізгі сөздігіміз – М.Қашқари сөздігінде мынадай туыстық атауларға түсіндірме берілген екен:

JEZNE ИЕЗНЕ: жезде. Әпкенің ері. Жасы үлкен қыз туысының қосағы (МҚ, 50).

DADA - ата, баба (оғызша). (МҚ, 300)

КӨКҮ апа; көке (көкү).

ТАҒАҒ: тағай; немере аға ` (МҚ, 321)

ТАҒАҒ: дядя (МҚ, 238; ДТС, 526). Негізінен әкесі тарапынлаңы немере ағаларға айтылатын болса керек. Қазіргі қазақ тіліндегі «аға, ағай».

СІҢІЛ: сіңіл; ерлердің өзінен кіші қыз қарындасы [МҚ, 492].

Берілген туыстық атаулардың ішінде «сіңлі» сөзінің сөздікте «ерлердің кіші қыз қарындасы» мағынасы қазіргі түркі тілдерінде, әсіресе, қыпшақ

тілдерінде тек «әйел адамның өзінен кісі туған бауыры» ретінде қалыптасқанын байқаймыз. Оның себептерін сөздіктерден іздесек:

Қазақ тілінде зат. Бірге туған қыздардың, жақын әйелдердің кішісі; жасы үлкен әйелдердің жасы кіші әйелге қарата қолданылатын атауы. Менің қасымда жалғыз *сіңлім* бар, әкеміз болса әскерге кетті (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Жол апаға берілгені рас болса, бір олжасын ана *сіңлісіне* тартпақ (А.Хангелдин, Қараторғай). Клара – Әжікей деген кісінің әйелінің *сіңлісі* (А.Сатаев, Ақын ізі).

Сіңілленді – сіңлі тұтты, сіңлі етті, (МҚ, 492).

Дәл осы сәйкестікті Әбілғазы сөздігінде *қарындас мағынасында көрдік. Дұрман халқының Дінғали атлы нөкері бар ерді аның бір қызы уа бір сіңлісі бар ерді. (Дінғали деген нөкері бар еді, оның бір қызы, бір қарындасы бар болатын).* Башқұрт тілінде *сиңіл* ~ *һеңле* (младшая сестра мужа). Осы тілде *сеңелкәш* сөзі «кіші әпке» мағынасында қолданылады. Башқұрт тілінде *һеңле*: 1) *сиңіл*, кіші әпке; 2) *һеңлем* *сиңлім*, (қызға, жас әйелге қарата айтылатын еркелету мәнді сөз (*һеңлекеш*). Мақал-мәтелдерде ағайын күреп эне үсер, апаһын күреп *һеңле* үсер` «ағасына қарап, іні өсер, әпкесіне қарап, *сиңлі* өсер» [14, 134 б.].

Зерттеулерден байқауымызша, әзербайжан, түрік әдеби тілдерінде *сиңіл* көне тұлғасы сақталмаған. Ал татар тілінде *сеңел* тұлғасында қолданыста және *сеңлем*, *сеңелкәй* тұлғаларында кездеседі. Ғалым А.Хазиеваның айтуынша, көне түркі тілдерінде *сиңлі* деп күйеуінің қарындасын атайтын болса, қазіргі башқұрт, татар, қазақ тілдерінде бұл атау семантикасын біраз кеңіп, жалпы *сиңлі*, жасы кіші қыз мағынасында қолданыс табады [1, 12 б.]. Ал әзербайжан, түрік тілдерінде *бас* сөзі *сиңлі* туыстық атауының орнына қолданылады. Яғни бұл ескі лексика түркі тілдерінің барлығында сақталмаған. Қазақ және қарақалпақ тілінде – *сиңлі*, қырғыз тілінде – *сінді*, өзбек тілінде – *сиңіл*. Жоғарыда талдағанымыздай, М.Қашқаридің еңбегінде тек ерлердің өзінен кіші қыз қарындасы мағынасында көрсетілсе, қазіргі түркі тілдерінде барлық туыстың қыз қарындасы, *сиңлі*, жасы кіші қызға қатысты туыстық атауға айналған.

Қорытынды

Қорыта келе, зерттеулерде туыстық атаулардың: *жыныстық* (әйел, күйеу, келін, жезде); *туыстық деңгейі* (1-деңгей: әке, 2-деңгей: аға; 3-деңгей: әкенің ағасы);

Зерттеулерде бірі бірінен айрықша екендігі, түріктердің батыс мәдениеті ықпалында кейбір туыстық атаулардың жалпы қолданыста болғандығы айтылады. Бірақ екі елдің туыстық атауларының тілдік немесе отбасылық, туыстық қарым-қатынаста: 1 – реттеуші, яғни отбасы мүшелерінің орнын, міндетін және дәрежесін анықтайтын, 2 – қаратпа сөзі ретінде кісілердің жасы, жынысына қарай назарларын аударатын, 3 – эмоционалдық, яғни отбасы мүшелерімен ағайын, туыс арасындағы жақындық, сыйластық, бауырмалдық сезімін жеткізетін маңызды қызметтер атқаратынын айта аламыз.

Зерттеу жұмысы нәтижесінде жалпы түркі тілдеріндегі туыстық атаулар талданып, олардың ортақ және артық тұстары сипатталды. Соның ішінде татар, башқұрт, түрік, әзербайжан, қазақ және қырғыз тілдерінен мысалдар келтіріліп, тілдегі кейбір туыстық терминдердің қолданыс ерекшеліктері айқындалды.

Туыстық атаулар көптеген қазіргі түркі тілдеріне ортақ лексика-семантикалық топқа жатады. Түркі тілдерінде мұндай атаулардың көне түркі тілдерінен бүгінгі тілдерде кеңінен қолданылып, лексика-семантикалық өрісінің қандай өзгеріске ұшырағандықтарын осындай зерттеулер арқылы анықтаймыз. Сондай-ақ бұл бағытта қазіргі қазақ тіліндегі тәте, көке, әпке, ажын сынды т.б. туыстық атаулардың қолданыс ерекшеліктері мен айырмашылықтарын зерттеу алға қойылуы керек деген ойдамыз.

Қысқартулар:

ДТС – Древнетюркский словарь / көне түркі сөздігі.

ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі.

МҚ – Махмұт Қашқари сөздігі.

ҚТҚЭС – Қырғыз тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.

ЭСТЯ – Этимологический словарь тюркских языков.

ӘДЕБИЕТ

[1] Хазиева А.А. Термины родства по свойству словаря «Дивану люгат ит-тюрк» М.Кашгари сравнении в башкирском языке // А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. – 2015. – №1. – С. 190-201.

[2] Khodzhakulova Sh. Terms of kinship of post marital relations in Uzbek and Russian languages // Society and innovations. Special issue. – 2021. – № 2. – С. 70-85.

[3] Мусаева Ч.Ж. Функционально-семантическое поле терминов со значением «родство» в русском и кыргызском языках: дисс. на соис. уч. ст. канд. фил. наук. – Бишкек, 2022. – 198 с.

[4] Vakhitova T., Kuzembayeva G., Yergazina A., Zhumakhanova A., Khayrullina R. Kazakh and Russian Kinship Terminology: A Comparative Linguistic and Cultural Analysis of Lacunae // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2022. – № 8(1). – P. 28-43. doi: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.911517>

[5] Sagdieva R., Husnutdinov D., Mirgazitov R., Galiullin R. Kinship terms as proof of genetic relationship // Journal of Social Studies Education Research. – 2019. – №10(3). – P.103-117. www.jsser.org

[6] Әбдуәли Қ. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы: Дайк-Пресс. 2013 – 784 р.

[7] Шадкам З. Қазақ және түрік тілдеріндегі сөз этикетінің лингвомәдени ерекшеліктері: дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2006. – 147 б.

[8] Кочкунов А. Этнические традиции кыргызского народа. Социокультурные аспекты и некоторые вопросы генезиса. – Бишкек. 2013. – 320 с.

[9] Сейдакматов К. Кыргыз тилинин кыскача этимологиялык сөздүгү. «Илим» басмасы. – Фрунзе. 1988. – 336 б.

[10] Мусаева Ч.Ж. Значение терминов родства и их выражение в киргизском и русском языках: автореф. дисс...к.ф.н. – Бишкек., 2007. – 20 с.

[11] Маширабов А.А. Значение терминов родства и их выражение в киргизском и узбекском языках: автореф. дисс...к.ф.н. – Бишкек, 2000. – 23 с.

- [12] Aydoğmuş E. Kazak türkçesinde akrabalık terimleri. Akademik bakış dergisi. Sayı: 65 Ocak - Şubat Uluslararası Hakemli Sosyal Bilimler. İktisat ve Girişimcilik Üniversitesi, Türk Dünyası Kırgız – Türk Sosyal Bilimler Enstitüsü, Celalabat. – Kırgızistan. 2018. – 244 s.
- [13] Kaplankiran D. Kazak Türkçesinde Kullanılan Akrabalık ve Yakınlık Terimleri // Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi. – 2017. – №6(2). – S.847-864.
- [14] Aksan D. Türkçenin Sözvarlığı, Engin yayınevi. – Ankara. 2000. – 203 s.
- [15] Sertkaya O. Etimoloji nedir - ne değildir ve isimden isim yapan +ay /+ey eki üzerine // Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Türkoloji Dergisi. – 2012. – № 1 (19). – S.43-72.

REFERENCES

- [1] Haziyeva A.A. Terminy` rodstva po svoystvu slovarya «Divanu lyugat it-tyurk» M.Kashgari sravnenii v bashkirskim yazı`kom [Terms of kinship according to the property of the dictionary "Divan lugat it-Turk" by M.Kashgari are compared in the Bashkir language]. // Journal «Tiltanym» of the Linguistic Institute named after A. Bajtursunuly. – 2015. – №1. – S.190-201. [in Rus.]
- [2] Khodzhakulova Sh. Terms of kindship of post marital relations in Uzbek and Russian languages // Society and innovations. Special issue – 2021. – № 2. – P. 70-85.
- [3] Musayeva Ch.Zh. Funkcional`no-semanticheskoe pole terminov so znacheniem «rodstvo» v russkom i ky`rgy`zskom yazı`kax [Functional and semantic field of terms with the meaning of "kinship" in the Russian and Kyrgyz languages]: diss.na sois.uch.st.kand.fil.nauk. – Bishkek, 2022. – 198 s. [in Rus.]
- [4] Vakhitova T., Kuzembayeva G., Yergazina A., Zhumakhanova A., Khayrullina R. Kazakh and Russian Kinship Terminology: A Comparative Linguistic and Cultural Analysis of Lacunae // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 2022. – №8(1). – P.28-43. doi: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.911517> [in Eng.]
- [5] Sagdieva R., Husnutdinov D., Mirgazitov R., Galiullin R. Kinship terms as proof of genetic relationship // Journal of Social Studies Education Research. –2019. – № 10 (3). – P.103-117. www.jsser.org
- [6] Abduali K. Kazaktar ana tili әлемінде [Kazakhs in the world of their native language]. –Almaty: Dajk-Press. 2013, – 784 b. [in Kaz.]
- [7] Shadkam Z. Kazak zhane turik tilderindegi soz etiketiniң lingvomadeni erekshelikleri [Linguacultural features of word etiquette in Kazakh and Turkish languages]: dis. ... kand. filol. nauk. – Almaty, 2006. – 147 b. [in Turk.]
- [8] Kochkunov A. Etnicheskie tradicii ky`rgy`zskogo naroda. Sociokul`turny`e aspekty` i nekotory`e voprosy` genezisa [Ethnic traditions of the Kyrgyz people. Sociocultural aspects and some questions of genesis]. – Bishkek, 2013. – 320 s.[in Rus.]
- [9] Sejdakmatov K. Kyrgyz tilinin kyskasha etimologiyalyk sozdygy [A short etymological dictionary of the Kyrgyz language] «Ilim» basması. – Frunze. 1988. – 336 c. [in Kyrg.]
- [10] Musaeva Ch.Zh. Znachenie terminov rodstva i ih vyrazhenie v kirgizkom i russkom yazı`kax [The meaning of kinship terms and their expression in the Kyrgyz and Russian languages]: avtoref. diss...k.f.n. – Bishkek, 2007. – 20 s.[in Rus.]
- [11] Mashrabov A.A. Znachenie terminov rodstva i ih vyrazhenie v kirgizkom i uzbekskom yazı`kax [The meaning of kinship terms and their expression in the Kyrgyz and Uzbek languages]: avtoref. diss...k.f.n. – Bishkek, 2000. – 23 s. [in Rus.]
- [12] Aydoğmuş E. Kazak türkçesinde akrabalık terimleri. Akademik bakış dergisi sayı: 65 Ocak - Şubat Uluslararası Hakemli Sosyal Bilimler E-Dergisi. İktisat ve Girişimcilik Üniversitesi, Türk Dünyası Kırgız – Türk Sosyal Bilimler Enstitüsü, Celalabat – Kırgızistan, 2018. – 244 s. [in Turk.]
- [13] Kaplankiran, D. Kazak Türkçesinde Kullanılan Akrabalık ve Yakınlık Terimleri. Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi. –2017. –№ 6 (2). – S.847-864. [in Turk.]
- [14] Aksan D. Türkçenin Sözvarlığı, Engin yayınevi. – Ankara. 2000. – 203 s. [in Turk.]

[15] Sertkaya O. Etimoloji nedir - ne değildir ve isimden isim yapan +ay /+ey eki üzerine // Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Türkoloji Dergisi. – 2012. – № 1 (19). – S. 43-72. [in Turk.]

ЯЗЫКОВЫЕ И КУЛЬТУРНЫЕ ОТРАЖЕНИЕ И ОСОБЕННОСТИ ТЕРМИНОВ РОДСТВА В КАЗАХСКОМ И КЫРГЫЗСКОМ ЯЗЫКАХ

*Рахимова Д. Б.¹, Садыков Т. С.²

^{*1} Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

²Алатау халықаралық университеті, Бішкек, Қырғызстан

Аннотация. Статья посвящена анализу и сравнению родственных отношений в казахском и кыргызском языках с языковой и культурной точек зрения. Термины родства являются частью старейшего лексического фонда, занимают особое место в лексическом составе языка и представляют интерес с точки зрения сложности их исторического развития. Родственные имена — уникальное культурное сокровище, которое на протяжении многих лет передаётся из поколения в поколение, формируя словарный запас и впитывая в себя элементы культуры, истории, социального статуса и отношения с людьми. Научная и практическая *значимость* работы заключается в функции терминов родства. Антропонимикон казахского и кыргызского языков содержит множество личных имен, прозвищ, родственных имен, которые до сих пор недостаточно изучены. Данная проблема свидетельствует о необходимости изучения родственных названий с глубокой историей, в составе активного и пассивного лексического фонда, *актуальности*, а также сбора, систематизации материалов и создания словарей. К *новизне* исследования относится анализ различий в терминологии казахской и кыргызской лингвокультурной среды, упоминаемых в исторических источниках и литературе под общим названием «Киргизы». *Цель* статьи – проанализировать родственные термины казахского и кыргызского языков, выявить особенности их употребления, а также языковые и культурные особенности терминов родства в двух языках. В качестве материала исследования были использованы двуязычные словари и работы современных учёных. В исследовании применялись *методы* обобщения, описания, сравнения и тематического анализа. В *результате* работы были проанализированы языковые особенности выражения родственных отношений в кыргызском и казахском языках, а также выявлены их общие и специфические черты. Результаты работы могут стать основой для дальнейших исследований тюркских языков, особенно по направлениям лингвокультурологии и лингвистики, таким как анализ родственных терминов, создание словарей и других материалов.

Ключевые слова: казахский язык, кыргызский язык, лингвокультурология, сравнительное языкознание, родственные имена, кровный родственник, некровный родственник, сын дяди по материнской линии

LINGUISTIC AND CULTURAL REFLECTION AND PECULIARITIES OF THE USE OF KINSHIP TERMS IN THE KAZAKH AND KYRGYZ LANGUAGES

*Rakhimova D. B.¹, Sadykov T. S.²

^{*1} L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

² Ala-Too International University, Bishkek, Kyrgyzstan

Abstract: This article focuses on the linguistic and cultural analysis, as well as the comparison, of kinship relationships in the Kazakh and Kyrgyz languages. Kinship terms are part of the oldest lexical stock, holding a special place in a language's lexicon and presenting interest

due to the complexity of their historical development. Kinship names are a unique cultural treasure, passed down through generations, shaping vocabulary and absorbing elements of culture, history, social status, and interpersonal relationships. The scientific and practical *significance* of this work lies in the cultural function of kinship terms. The anthroponymic lexicon of Kazakh and Kyrgyz languages contains numerous personal names, nicknames, and kinship names that remain insufficiently studied. This issue indicates the need for an in-depth study of kinship terms, both active and passive vocabulary, their *relevance*, history, and the collection and systematization of materials, including dictionary creation. The *novelty* of this research involves an analysis of differences in the terminology of the Kazakh and Kyrgyz linguistic and cultural context, referred to in historical sources and literature under the common name “Kirgiz.” The *aim* of this article is to analyze kinship terms in Kazakh and Kyrgyz, identify the features of their use, and examine the linguistic and cultural characteristics of kinship terms in both languages. The research materials include bilingual dictionaries and works of contemporary scholars. *Methods* used in the study include generalization, description, comparison, and thematic analysis. As a *result*, the linguistic characteristics of expressing kinship relationships in Kyrgyz and Kazakh were analyzed, with their common and specific features identified. The findings of this work may serve as a basis for further research on Turkic languages, particularly in fields such as linguocultural studies and linguistics, including kinship term analysis, dictionary creation, and similar research.

Keywords: the Kazakh language, the Kyrgyz language, linguocultural studies, comparative linguistics, kinship names, genetic relative, non-genetic relative, mother’s brother's son

Мақала түсті: 30 тамыз 2023

Авторлар туралы мәлімет:

Рахимова Динара Бауыржанқызы – докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, e-mail: rah.dinara@gmail.com

Садықов Ташполот Садыкович – филология ғылымдарының докторы, профессор, Алатау халықаралық университеті, e-mail: tash_sadykov@mail.ru

Информация об авторах:

Рахимова Динара Бауыржанқызы – докторант, Евразийский Национальный университет им.Л.Н.Гумилева, e-mail: rah.dinara@gmail.com

Садықов Ташполот Садыкович – доктор филологических наук, профессор Международного университета Ала-Тоо, e-mail: tash_sadykov@mail.ru

Information about the authors:

Rakhimova Dinara Bauyrzhankyzy – doctoral student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, e-mail: rah.dinara@gmail.com

Sadykov Tashpolot Sadykovich – Doctor of Philology, Professor of Ala-Too International University, e-mail: tash_sadykov@mail.ru